

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 1263 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының
экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде 8
-тармақ алып тасталсын;

Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі
мемлекеттік комиссияның лауазымдық құрамында "Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары" деген жол мынадай редакцияда
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары
немесе Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі
көмекшісі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев